**«Күншуақ»кіші тобының**

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Сәуір айы. 2021**

**Өтпелі тақырып: «Табиғаттың гүлденуі»**

**Мақсаты:** Қоршаған орта экологиялық мәдениет негіздері және табиғатқа ұқыпты қарау туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру балалардың табиғат құндылығы және онда өзін ұстау тәртібі туралы білімін дамыту балалардың табиғатпен араласуды жағымды тәжірибе алуы көктемде барлық жаратылысты көркейту туралы білімдерін қалыптастыру.

| Білім беру саласы | Денсаулық - 3<br>Дене шынықтыру - (3сағат) | Коммуникация - 1<br>Сөйлеуді дамыту- (0,5)<br>Көркем әдебиет -(0,5) | Таным<br>Сенсорика- (0,5 с)<br>Құрастыру -- (0,5 с)<br>Жаратылыстану- (1с) | Шығармашылық-3<br>Сурет салу- (1с)<br>Жапсыру- (0,25)<br>Мүсіндеу -(0,25)<br>Музыка -(1,5с) | Әлеумет-0 |
|---|---|---|---|---|---|
| Жасы | | | 2 жас | | |
| Оқу мақсаты Үлгілік оқу бағдарламасы | Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып дене дағдылары мен қимыл қозғалыс түрлерін қалыптастырады. | Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, сөздік қорларын, әдеби шығармаға деген қызығушылықтарын арттырады. | Балалардың танымдық қабілеттері дамып, ой-өрістері кеңінен қалыптасты. | Шығармашылық қабілеттері дамып, эстетикалық қабылдаулары жақсы қалыптаса түсті. | |
| I АПТА | Тақырыбы: секіру кезінде жартылай бүгілген аяқтарымен жерге қону<br>Мақсаты: Тапсырмаларды орындай отырып, жаяу жүру және жүгіру жаттығуларын жасады. секіру кезінде жартылай бүгілген аяқтарымен жерге қону.Доппен жаттығу барысында ептілікті дамытады. ҚҰРАЛДАР: жалпақ құрсаулар,балалардың шағын тобына арналған доптар. | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: Бақ-бақ гүлін қарау<br>Мақсаты: Балалар өсімдіктерді күтуде еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдана біледі. Өсімдіктерді аялап күте алады. | Сенсорика<br>Тақырыбы: Түрлі –түсті гүлдер<br>Мақсаты: Фланелеграфта түрлі-түсті гүлдерді орналастыру барысында жоғары - төмен, үстінде-астында кеңістіктік ұғымдарын ажырата алады.<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>Кіп-кішкентай алқызыл гүл<br>Мақсаты: Гүлдерді ажыратып, атай білуді қалыптастыру, ауладағы | Сурет салу<br>Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар<br>Мақсаты: Жасыл түсті қағаз бетіне ақ түсті бояумен, мақталы таяқшаны қолдана отырып сурет салуды біледі. Көктем гүлдері туралы өлең шумақтарын айтады.<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы:<br>Құстарға жем дайындайық<br>Мақсаты: Ермексазды шымшып үзіп алу әдісі арқылы жасайды.Құстарға қамқор болу керектігін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тақырыбы: Жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау<br>Мақсаты:<br>Жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау.Жартылай бүгілген аяқтарымен жерге қону дағдысын дамытады. Жаттығуларда шапшаңдықты дамыту арқылы қозғалысты дұрыс орындау дағдыларын бекітті.<br>ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық орындық.<br>Тақырыбы: қимыл-қозғалыс белсенділігін, байқағыштықты дамыту<br>Мақсаты:<br>Бірдей тәсілмен жүруді үйрету; жүгіру мен жүруді кезектестіру, нұсқаушының белгісі бойынша сапқа тұрғызуды үйренеді; қимыл-қозғалыс белсенділігін, байқағыштықты дамытады, нұсқаушының белгісі бойынша сапқа тұру дағдыларын қалыптастырады; қимыл-қозғалыс белсенділігін, байқағыштықты дамытады.<br>ҚҰРАЛДАР:қолшатыр. | | гүлдер мен шөптердің түстерін атай алады. | біледі.<br><br><br>Музыка<br>«Алғашқы бәйшешектер».<br>1.Музыканы тыңдап таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани біледі.Таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкестендіреді. Құстар дыбысын салады.<br>2.Әнді уақытында бастап, уақытында аяқтайды. Әннің мағынасын түсінеді.<br>Музыка тыңдау: «Көктемгі серуен» П.И.Чайковский.<br>Ән үйрену: «Құттықтаймын мама туған күніңмен» Н.Тілендиев.<br>Ойын: «Балапандар»<br>Ырғақты қимыл: « Менде де, сенде де» СД. | |
| 2 АПТА | Тақырыбы: Доппен жаттығуда ептілік пен көз мөлшерін үйрену | Көркем әдебиет<br>**Тақырыбы:** «Бауырсақ» (орыс халық ертегісі, | Құрастыру<br>Тақырыбы:<br>Ыстық тоқаш | Сурет салу<br>Тақырыбы: Дастархандағы бауырсақ | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты:<br>Тапсырмаларды орындауда жүру және жүгіру дағдыларын дамытады. Доппен жаттығуда ептілік пен көз мөлшерін жетілдіреді. Жеңіске деген ынтасын оянады.<br><br>ҚҰРАЛДАР:балалардың шағын тобына арналған доптар, гимнастикалық орындық<br>Тақырыбы: доппен жаттығу қимылдарын қайталау<br>Мақсаты:<br>Тапсырмаларды орындауда жаттығу, доппен жаттығу қимылдарын қайталау. Жүгіруде және секіруде тапсырманы қайталау.<br>ҚҰРАЛДАР: қажет емес<br>Тақырыбы: "тырна тәрізді", "тышқандар тәрізді " жүру түрлері<br>Мақсаты:<br>Бір-бірінің артынан "тырна тәрізді", "тышқандар тәрізді " жүре білуді жетілдіреді. Жүруде және жүгіру жаттығуларын нақты орындауға үйренеді; назар аударуды дамыту, жүру мен жүгіру жаттығуын кезек орындауды | ертегінің жаңа нұсқасын көрсету)<br>Мақсаты: Ертегіні тыңдай алады. Ертегінің қандай жағдайда аяқталатынын түсініп кейіпкерлерді атай алады. | Мақсаты: Жұмарлау, жырту, умаждалған және жыртылған қағаздардан тоқашты құрастыра алады.<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Ас атасы-нан<br>Мақсаты: Балаларды нанның қасиетімен таныстырып, нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей біледі. | Мақсаты: (Дәстүрден тыс) Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуды біледі.<br>Дидактикалық ойын: «Тәрелкеге бауырсақтарды жина»<br><br>Жапсыру<br>Тақырыбы: Жүк машинасы<br>Мақсаты: Егістік көлік түрлерімен таныстыру, дайын пішіндерді қолдана отырып, композиция жасай біледі.<br><br>Музыка<br>«Мен ғарышкер боламын»<br>Музыканы есте сақтап кейіпкерлерді иллюстрация немесе әңгіме бойынша таниды. Музыкалық ырғақты қимылдар шапалақ, топ-топ, аяқ қимылдарын орындайды.<br>Музыка тыңдау «Айды әперші апа»<br>Ойын « Ұшақтар»<br>Ырғақты қимыл «Буги буги»<br>СД | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастырады.<br>ҚҰРАЛДАР:қажет емес | | | | |
| 3 АПТА | Тақырыбы: жоғары тіректе жүргенде тұрақты тепе-теңдікті сақтау<br>Мақсаты:<br>Белгі  бойынша тоқтай отырып жүруде жаттығу; заттар арасынан жүруді қайталау,жоғары тіректе жүргенде тұрақты тепе-теңдікті сақтай отырып жаттығады.<br>ҚҰРАЛДАР:текшелер,шеңберлер, гимнастикалық орындық.<br>Тақырыбы: Жүру жаттығуларын орындауда қол және аяқ қимылдарын үйлестіру<br>Мақсаты:<br>Жүру жаттығуларын орындауда қол және аяқ қимылдарын үйлестіреді. Қимыл-қозғалыс тәжірибесін дене жаттығуларының әртүрлі түрлерімен байыту, тепе-теңдікті сақтай білу жаттығуларды орындау кезінде дем алуды ұстамау;<br>ҚҰРАЛДАР: қажет емес<br>Тақырыбы: Жаяу жүру және жүгіру жаттығуларын нақты орындау<br>Мақсаты:<br>Жаяу жүру және жүгіру жаттығуларын нақты | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: Жәндіктер: құмырсқалар, көбелектер, аралар<br>Мақсаты: Кітапшалардағы суреттерге қарау, олардың мазмұны бойынша балаларға сұрақтар қойып, 3-5 сөзден тұратын сөз тіркестері арқылы жауаптар құрастыра алады. | Сенсорика<br>Тақырыбы:<br>Әдемі көбелектер<br>Мақсаты: Көбелектерді түстеріне және көлемін ажырата алады. Негізгі түстер жайлы біледі.<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Жәндіктер<br>Мақсаты: Балаларды жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерін ажырата алады.. (көбелек, қоңыз). | Сурет салу<br>Тақырыбы: Шөптегі қанқыз (үлгідегі қанқыз)<br>Мақсаты: Балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды біледі.<br><br>Музыка<br>«Бақытты балалар»<br>1. Музыканы тыңдай біледі. Әнді озып кетпей не қалып қоймай, кідірісті сақтап айта біледі.<br>2. Ересекпен бірге ән айтуға ынта білдіреді. ( әнді үлкендердің көмегімен ілесе орындау, әуенге қосылу, аяқты соғу, қолды ұру)<br>Музыка тыңдау<br>«Балдырғандар маршы» Б.Ғизатов<br>Ән үйрену «Біз өмірдің гүліміз»Б.Ғизатов | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындауға үйренеді; бір-бірінің соңынан жүгіруді жетілдіру, назар аудару. Ұжымшылдыққа, балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынасына, оң нәтижелерге жетудегі табандылыққа үйренеді<br>ҚҰРАЛДАР:қажет емес | | | | |
| 4 АПТА | Тақырыбы: Кеңістікті бағдарлау<br>Мақсаты:<br>Кеңістікті бағдарлай отырып,жүру және жүгіру жаттығуларын қалыптастырады ,секіру және тепе-теңдікті сақтау тапсырмаларын қайталау.Қимылдық ойынға дегшен қызығушылығын арттырады.<br><br>ҚҰРАЛДАР: гимнастикалық орындық, өрілген жіп 10-15 дана.<br>Тақырыбы: шапшаң шашыраңқы жүгіру<br>Мақсаты:<br>Кеңістікті бағдарлауды дамытады .Нұсқаушының тапсырмасы бойынша шапшаң шашыраңқы жүгіру жаттығуларын орынды.<br><br>ҚҰРАЛДАР: қажет емес<br>Тақырыбы: Шеңберге | Көркем әдебиет<br>**Тақырыбы:** Алғашқы көмек (әңгіме) Ж.Бұғыбаев<br>Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қайталай алады.Әңгімені тыңдай,түсінеді. | Құрастыру<br>Тақырыбы: Төбешік құрастырайық<br>Мақсаты: Балалар құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерінен төбешікті құрастырып жасай алады.<br><br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Үлкендердің еңбегін бағалау<br>Мақсаты: Үлкендердің еңбегі туралы ажыратады. Табиғаттың әдемілігін сезініп, оны аялай біліп , қорғап біледі.<br>Сурет көрсету арқылы үлкендердің еңбегі туралы әңгімелей алады. | Сурет салу<br>Тақырыбы:<br>Қошақандарға шөп береміз<br>Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуды біледі. Қылқаламмен бояп, пішіндерді және түстерді ажыратады.<br><br>Музыка<br>«Табиғаттың гүлденуі»<br>1.Музыкалық фразалардың жоғары және төмен дыбысталуын ажыратады.<br>Әннің сөзін есінде сақтайды.<br>Музыка сипатына сәйкес қозғалады.<br>Музыка тыңдау: «Мамам гүлдің бағбаны» А.Досмағамбет<br>Ән үйрену: «Көбелек» К.Қуатбаев.<br>Ырғақты қимыл: «Гүлдермен би»<br>Ойын «Көбелектер» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұру дағдысын қалыптастыру<br>Мақсаты:<br>Балаларды берілген тапсырманы орындау кезінде жүру және жүгіру жаттығуларын орындауға үйренеді.Бір-бірінің артынан жүгіру дағдысын дамытады.Шеңберге тұру дағдысын қалыптастыру арқылы секіруге үйренеді.<br>ҚҰРАЛДАР:<br>кегли,доптар | | | | |